

## Хаттама №2

Қазалы ауданы «Тасарық» елді мекеніндегі №238 орта мектебінде 2024 жылдың 27 қазан күні педагог қызметкерлермен кезекті педагогикалық кеңес болып өтті.

Катысуга тиіс-37

Катыспағаны-3

Дәлелді себептермен қатыспағаны-3

### Күн тәртібінде:

1. I оқу тоқсанындағы оқу-тәрбие жұмыстарының қорытындысы, электронды журналдың жүргізілуі. /Б. Аханова /
2. Суицидтің алдын-алу және «Тәуекел топ» оқушыларымен коррекциялық жұмыс туралы. /П. Үргенішбаева/
3. 11-сынып оқушылардың ҰБТ-ға дайындық барысы, пән мұғалімдерінің сараптамасы /Т. Бөлебаев /
4. Халықаралық зерттеулерге дайындық барысы мен пәндік сараптамалар туралы /Б. Аханова /
5. «Мақсатты мектеп» жобасы, Мектепішлік бақылау барысы туралы. /Б. Аханова /
6. Мектеп асханасының жайы мен оқушылардың бір мезгіл ыстық тамақпен қамтылу жайы. /Б. Исатаева/

### Тындалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша сөз алған мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Б.Аханова 2024-2025 оқу жылының I оқу тоқсанындағы оқу-тәрбие, жұмыстарының қорытындысы, электронды журналдың жүргізілуі барысна тоқталды. Мектебімізде 2024-2025 оқу жылы басындағы оқушылар саны 1- 11 сынып аралығында 99 оқушы, I оқу тоқсаны бойынша 99 оқушымен бастап 99 оқушымен аяқтадық. Тоқсандық үлгерімге тоқталар болсақ «Ұздік» оқушылар саны 30 оқушы, «Екпінді» оқушылар саны 19 оқушы. 55 пайыз білім сапасын көрсетіп отыр. Үлгермеуші оқушы жок.

### Оқу үлгерімі бойынша білім сапасының көрсеткіші:

1. 2-сыныпта 11 оқушы - 3 ұздік, 4 екпінді білім сапасы 63 пайыз
2. 3-сынып 9 оқушы - 3 ұздік, 4 екпінді білім сапасы 77 пайыз
3. 4-сынып 12 оқушы - 7 ұздік, 1 екпінді білім сапасы 66 пайыз
4. 5-сынып 9 оқушы - 1 ұздік, 4 екпінді білім сапасы 55 пайыз
5. 6-сынып 7 оқушы - 3 ұздік, 1 екпінді білім сапасы 57 пайыз
6. 7-сынып 10 оқушы - 1 ұздік, 4 екпінді білім сапасы 50 пайыз
7. 8-сынып 8 оқушы 4 ұздік, 1 екпінді білім сапасы 62 пайыз
8. 9 –сынып 8 оқушы 3 ұздік, 1 екпінді білім сапасы 50 пайыз
9. 10-сынып 7 оқушы 3 ұздік, 1екпінді білім сапасы 57 пайыз
10. 11-сынып 7 оқушы 3 екпінді, ұздік жоқ білім сапасы 42 пайызды көрсетіп тұр.

I оқу тоқсаны ойдағыдай өтті. Пән мұғалімдері аудандық шараларға қатысып жүлделі орындар иеленді. Тарих пәнінің мұғалімі Б. Бөлебаев жасанды интеллект тақырыбы бойынша сайыс өтті. Озып шыққан 11-сынып оқушысы жүлделі болды.

Электронды қүнделік кестеге сәйкес уақытылы толытырып отыр. Тоқсандық бағалары уақытылы қойылғанын.

**Ұсыныс:** I оқу тоқсанындағы оқу-тәрбие жұмыстарының қорытындысы, электронды журналдың жүргізілуі «қанағаттанарлық» деп бағаланса және электронды журналдың жүргізілуін бақылау мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Б. Ахановаға міндеттелсе.

Екінші мәселе бойынша мектеп психологы П. Үргенішбаева баяндады. Суицидке баратын адамдар көбінесе ішкі жан күйзелісін басынан кешіреді немесе қатты стресс жағдайында болады. Бұл тек адамдарға ғана тән әрекет. Сонымен қатар психикалық аурулармен, көңіл-күй бұзылыстарымен, әсіресе депрессиямен зардап шегеді, болашақ өмір қызықтырмайтын болып келеді. Жастар арасындағы суицид мәселесін зерттегендे

анықталғаны: тұстастай алғанда көп жағдайларда жасөспірімдер ата-аналарының, мұғалімдердің назарын өз мәселелеріне аудару мақсатында өзіне-өзі қол жұмсауға шешім қабылдайтыны және осындай келеңсіз түрде үлкендердің селқостығы, парықсыздығы, арсыздық және қатыгездігіне қарсылықтарын білдіреді. Мұндай қадамға көбінесе түйік, жаны жараланғыш, жалғыздық сезімнен, өзінің керексіздігінен стреске берілгіш және өмірден түнілген жасөспірімдер барады. Сицид тақырыбы біздің бүкіл өмірізге бойлай еніп, өзінің көкейкестілігін жоғалтпай, қайта жас ерекшелігіне қарай оның маңызы арта түсті. Өз өмірін қилюға бағытталған саналы, ерікті түрдегі әрекет қазіргі таңда бүкіл жаһандық мәселеге айналып отыр. Тәуекел дегеніміз-алдың ала қарастырылатын болжам немесе жоспарланған нәтижемен салыстырғанда зиян шегу. Негізгі көңіл аударатын басты объекті-бала өмірі мен әлеуметтік проблемалары. Сицидтің алдын-алу және «Тәуекел топ» оқушыларымен коррекциялық жұмыс туралы өз сөзінде мектептегі жасөспірімдердің физикалық және психикалық деңсаулығын, сонымен қоса мінез-құлқының алдын алу мақсатында жасалатын жұмыс екенін, осы мақсатта атқарылған жұмыстары жөнінде айтты. Мектепте 5-11 сынып оқушыларынан сауалнамалар алынып сол қорытындылар бойынша:

Депрессияның женіл түрі -3 оқушы,

Үрейдің женіл түрі- 4 оқушы,

Стрестің женіл түрі -3 оқушы анықталғаның және сұхбатқа шақырып кеңестер беріп мектепшілік бақылауға алғанын айта кетті.

**Ұсыныс:** Сицидтің алдын-алу және «Тәуекел топ» оқушыларымен коррекциялық жұмысты барынша күшету мектеп психологі П. Ургенішбаеваға бекітілсе.

Ушінші мәселе бойынша мектеп директорының бейінді оқыту жөніндегі орынбасары Т. Бөлебаев баяндады. 11-сынып оқушылардың ҰБТ-ға дайындық барысы, пән мұғалімдерінің сараптамасы. 11 сыныптарға бөлінген оку бағдарламасының таңдау пәндері бойынша ата-аналары мен оқушыларға түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, таңдау пәндері анықталды. Қазіргі таңда 11-сыныпты 7 оқушы бітіреді. Пән мұғалімдерінің жоспарлары жасалынып, сол бойынша қосымша сабактар кестесі жасалынып, оқушылармен қыркүйек айынан бастап дайындық жұмыстары жүргізілуде. 7 оқушының төртеуі ҰБТ қатысуға барамыз деп шешім қабылдады. Оқушыларға ҰБТ ерекшеліктері туралы түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, сыннып оқушылары мамандық пен сол мамандыққа сәйкес келетін төмендегідей 2 бейіндік пәндерді таңдалап отыр. Аудан орталығында тапсырған қыркүйек айындағы тест бойынша:

№	Оқушының аты - жөні	Оқу сауаттылығы	Тарих	Математикалық сауаттылық	Биология	География	Корытындысы
1	Әмірбек Б	9	12	6	20	25	71
2	Тұрдымұрат А	8	10	7	26	23	74
3	Жарылқасын Ж	9	14	6	22	27	78
4	Набатбай Д	7	8	4	18	17	59
5	Қорытынды бойынша	33	44	22	86	92	282
6	Пайызға шаққанда	8,25	11	5,5	21,5	23	69

Аудан орталығында тапсырған қазан айындағы тест бойынша:

№	Оқушының аты - жөні	Оқу сауаттылығы	Тарих	Математикалық сауаттылық	Биология	География	Корытындысы
1	Әмірбек Б	9	11	6	26	38	93
2	Тұрдымұрат А	7	10	7	23	31	78
3	Жарылқасын Ж	9	15	6	29	34	96
4	Набатбай Д	6	5	4	16	20	53
5	Қорытынды бойынша	31	41	23	94	123	320
6	Пайызға шаққанда	8	10,25	6	23,5	31	80

**Ұсыныс:** 2024-2025 оқу жылында ҰБТ-ға қатысатын оқушылармен күшетілген дайындық жұмыстарын және байқау тесті барысында төмен көрсеткіш көрсеткен оқушылармен жекелеген жұмыстар жүргізу пән мұғалімдеріне міндеттеліп, оқушылардың қосымша сабактарға, байқау сынақтарына уақытылы, түгел, талапқа сай әзірлікпен қатысусы мектеп директорының бейінді жөніндегі орынбасары Т. Бөлебаевқа жүктелсе.

Күн тәртібіндегі келесі төртінші және бесінші мәселелер бойынша мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Б. Аханова айтып өтті.Халықаралық зерттеулер бойынша кестеге сәйкес дайындық жұмыстары жүргізіліп отыр. Апта сонында тест алынып пәндер бойынша талдау жұмыстары жүргізілуде. Төмен пайыздық көрсеткіш көрсеткен пәндер бойынша дайындық жұмыстарын жүйелі жүргізу, пән мұғалімдеріне міндеттелді

«Мақсатты мектеп» жобасы аясында жоспарға сәйкес бағыттар бойынша жұмыстар уақытымен атқарылды.«Сабакты тиімді жоспарлау- мұғалім шеберлігі» тақырыбында және ББЖМ, PISA тапсырмаларын ҚМЖ –ға кірістіріп жоспарлау бойынша түсіндірме жұмыстар жүргізілді. «Білімді шәкірт- білікті ұстаздан» тақырыбында педагогтердің пәндік білім деңгейлерін зерделеу мақсатында тест тапсырмалары алынып талдау жасалды. Мектеп психологімен, әлеуметтік педагогпен бірлесе отырып «Цифрлы ұстаз» жобасы аясында тұрмысы төмен отбасынан шыққан үлгерімі төмен оқушыларды анықтау мақсатында диагностикалық жұмыстар жүргізілді.«Үйренудің бір жолы- қателіктен сабак алу» (0- дік бақылау ) оқушылардың пәндік білімін анықтау мақсатында бақылау жұмысары алынды. Алынған сынақ қорытындысы бойынша пәндерден төмен корсеткіш көрсеткен оқушылармен жұмыс жүргізіліп, олқылықтардың орнын толтыру мақсатында жұмыстар жүргізілуде.

ҰБТ нәтижесі бойын төмен нәтиже көрсеткен пәндерді анықтау, зерделеу мақсатында сынама тест жұмыстары алынып, төмен көрсеткіш көрсеткен пәндер бойынша қосымша кесте құрып дайындық жұмыстарын жүйелеуде. Негізгі пән мұғалімдері онлайн курстарға қатысып модулдер бойынша аралық сынақ тапсырып білімдерін жетілдіруде. Қазан айында аудандық әдістемелік кабинет менгерушілері келіп сабактарға еніп, талдау жасап түсіндірме жұмыстарын жүргізді. ҚМЖ-ға халықаралық зерттеу тапсырмаларын енгізу, ғылыми жоба авторлық бағдарлама, әдістемелік құралдар жазудың ерекшеліктері бойынша және халықаралық зерттеу тапсырмалары туралы түсіндірме жұмыстарын жасады. Пән мұғалімдері алған бағыт -бағдар бойынша жұмыстарын жүйелеп жоспарға сәйкес жүргізуде. Тарих пәні мұғалімі Бөлебаева Бақытқұл «Ойлы болсан, озып көр» тақырыбында 9-11 сынып аралығында сайыс өткізді. Нәтежесінде 11 сынып оқушысы Тұрдымұратова Айжан жеңімпаз атанды. Пән мұғалімдері онлайн курсы аяқтап пән бойынша тест тапсырды. Тест қорытындысы бойынша химия,шет тілі пән мұғалімдері межелі балл жинай алмай , екінші кезең бойынша өтіп шықты. Қазіргі таңда декреттік демалысқа шығатын физика пәні мұғалімі Г. Қалекеевадан басқа барлық пән мұғалімі тесттен, курсардан өтіп білімдерін жетілдірді. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру тақырыбына өткізіліп жатқан вебинарларға қатысып тәжірибе алmasуда

**Ұсыныс:** Халықаралық зерттеулерге дайындық барысын, пәндік сараптамаларды талапқа сай жасау және «Мақсатты мектеп» жобасы бойынша,сондай-ақ мектепшілік бақылау жұмыстарын сапалы ұйымдастыру мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Б. Ахановаға міндеттелсе.

Күн тәртібіндегі алтыншы мәселе бойынша мектептің әлеуметтік педагогтың міндетін уақытша атқарушы Б. Исатаева «Мектеп асханасының жайы мен оқушылардың бір мезгіл ыстық тамақпен қамтылу жайы» туралы сөз алды.

Жалпы мектеп бойынша әлеуметтік көмекке мұқтаж оқушылардың саны 163- ерекшелікпен 1-11 сынып аралығында 45 оқушы. Оның ішінде әлеуметтік аз қамтылған отбасынан шыққан бала саны-31, көп балалы отбасынан шыққан бала саны-10, толық емес отбасынан шыққан бала саны -4. 159- ерекшелікпен 1-4 сынып аралығында 25 оқушы бар. Бірінші оқу тоқсанында Қ.Р Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы

24 сәуірдегі №158 бүйрықтың 10 қосымшасына сәйкес, мектеп басшысының бүйрығымен әлеуметтік топтағы 70 оқушыға жалпыға міндетті оқу қоры есебінен бір мезгіл ыстық тамақ ұйымдастырылды. Сонымен қатар 1-4 сынып оқушыларына толық яғни 43 оқушыға асханадан бір мезгіл ыстық тамақ ұйымдастырылды. Оқушылардың тамақ ішетін уақыты екінші сабактан және төртінші сабактан соң, яғни бірінші аудиоимда сағат 9:35-9:50 аралығы 1-4 сыныптар 5-11 сыныптар сағат 11:25-11:40 аралығында ыстық тамақпен қамтылып отыр.

Мектеп асханасы жеке кәсіпкер мемлекет тарарапынан жалға берілуіне байланысты. Асхананың үнемі санитарлық жай-күйін қадағалау мақсатында мониторинг топ құрылды.

**Ұсыныс:** Мектеп асханасының жұмысы мен оқушылардың бір мезгіл ыстық тамақпен қамтылу барысындағы сақталуға тиісті тәртіпті қадағалау, ұйымдастыру мектептегі әлеуметтік педагогтің міндеттін уақытша атқарушы Б. Исатаеваға бекітілсе

### **Шығып сөйлеушілер:**

- Ағылшин тілі пәнінің мұғалімі- Құрманшаева Арайлым:** Қаралған мәселелер орынды оқу-тәрбие туралы айтар болсам тәрбие сағатында құқық туралы көбірек көніл беліп жүрмін. Білім сапасының былтырғы қорытындыдан төмен болып тұрған себебі 4-сыныптан орта буынға өткенде кішкене өзгеріс болып, содан бағалары түсіп тұр деп ойлаймын. «Мақсатты мектеп» бойынша, халықаралық зерттеуге байланысты тапсырмаларды сабакта оқушылармен жұмыста пайдалануға тырысамын. Қай-қайсымыздың да біліктілік арттыру, ізденіс жұмыстарын жасауымыз керек деп есептеймін.
- Физика пәнінің мұғалімі- Қалекеева Құлшат:** Осы кеңесте қозғалған мәселелер казіргі таңда мектебіміздегі өзекті мәселелер. ҰБТ-ға дайындық барысында алынған тесттерден төмен көрсеткіш көрсеткен оқушылармен жекелеген жұмыстар жүргізуде пән мұғалімдерінің де жан-жақты дайындықпен келгені маңызды, сонымен қатар оқушының өзінде де талпынысы болу керек деп ойлаймын. Эрине, үйден ата-анасының да тұрақты бақылауы болғаны дұрыс. Ал психологтың «Тәуекел топ» бойынша жұмысы жақсы нәтиже береді деп есептеймін. Мектепте өте көп оқушы жоқ. Барлық балаларды, отбасы, әлеуметтік жағдайларын жақсы біледі, таниды. Сондықтан бала бойындағы қандай да бір күйзелісті, өзгерісті тез, бірден байқауға мүмкіндік мол.
- Дене тәрбиесінің мұғалімі- Жарболов Самат:** 2024-2025 оқу жылында «өте жақсы» жұмыс жасаймыз деп сенемін. Енді нәтижелі табыстарға бағытталып, жеке, дарынды балалармен жұмысты күшетіп дайындық жұмыстарын жолға қойып, жасаған дұрыс екеніндігіне көзім жетті. Мектепте шығармашылықпен, ізденіспен жұмыс жасауға қай мұғалім мен оқушыға да жағдай бар. Алда осы мақсаттар орындалады деп ойлаймын.

### **Педагогикалық кеңес қаулы етеді:**

- І оқу тоқсанындағы оқу-тәрбие жұмыстарының қорытындысы, электронды журналдың жүргізуі «қанағаттанарлық» деп бағаланып, электронды журналдың жүргізуін бақылау мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Б. Ахановаға міндеттелсін.
- Суицидтің алдын-алу және «Тәуекел топ» оқушыларымен коррекциялық жұмысты барынша күшету мектеп психологі П. Ургенішбаеваға бекітілсін.
- 2024-2025 оқу жылында ҰБТ-ға қатысатын оқушылармен күшетілген дайындық жұмыстарын және байқау тесті барысында төмен көрсеткіш көрсеткен оқушылармен жекелеген жұмыстар жүргізу пән мұғалімдеріне міндеттеліп, оқушылардың қосымша сабактарға, байқау сынектарына уақытылы, түгел, талапқа сай әзірлікпен қатысуы мектеп директорының бейінді жөніндегі орынбасары Т. Бөлебаевқа жүктелсін.
- Халықаралық зерттеулерге дайындық барысын, пәндік сараптамаларды талапқа сай жасау және «Мақсатты мектеп» жобасы бойынша, сондай-ақ мектепішілік бақылау

жұмыстарын сапалы ұйымдастыру мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Б. Ахановаға міндеттелсін.

5. Мектеп асханасының жұмысы мен оқушылардың бір мезгіл ыстық тамақпен қамтылу барысындағы сақталуға тиісті тәртіпті қадағалау, ұйымдастыру мектептегі әлеуметтік педагогтің міндетін уақытша атқарушы Б. Исатаеваға бекітілсін.

Педагогикалық кеңестің төрайымы:



Хатшы:

Ә. Кеулімжай

А.Жарболова